

**« Ғ.Малдыбаев атындағы Жаңажол орта мектебі» КММ бойынша
аға тәлімгер Куспекова Д.У.**

2024-2025 оқу жылы І-тоқсан есебі

Қыркүйек

Білім күні біздер үшін ғана емес барша әлем үшін айтулы күн. Себебі кез келген елдің болашағы, тәуелсіздігінің тірегі және өзге елмен терезесінің тең болуы білімді жастармен тікелей байланысты. Оқу - білімсіз өнер де жоқ, ақын болу үшін де, болмаса басқа түрлі өнерпаз болу үшін де, ең алдымен білім керек, деп Ғабит Мүсірепов айтқандай білімнің орны ерекше!

Құрметті ұстаздар, оқушалыр! Баршаларыңызды білім күнімен құттықтаймыз! Оқуларыңызға сәттілік, жұмыстарыңызға шығармашылық табыс тілейміз – деп 1 қыркүйек салтанатты іс-шараны жоғары деңгейде өткіздік.

<https://www.facebook.com/100022960698239/videos/1247732529742761/>

«Мектеп парламенті» жобасы құрылған

● Мақсаты: Білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу.

"Мектеп Парламенті" өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері

1.Төменде көрсетілген оқушылар «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару органдарының мүшелері ретінде бекітілсін:

Мектеп парламентінің Президенті: Қанат Хабиба 10 сынып

Мүшелері:

№	фракциясы	Аты –жөні	сынып
1	Құқық және тәртіп фракциясы	Сакен Назира	8
2	Баспасөз және ақпарат фракциясы-	Қабижан Сания	8
3	Спорт және салауатты өмір салты фракциясы	Қатран Темірлан	10
4	Патриоттық фракциясы	Жылқыбай Аяулым	10
5	Еріктілер фракциясы	Қатран Ерұлан	8
6	Мәдениет және білім фракциясы	Тасмағамбет Мөлдір	8
7	Дебат қозғалысы фракциясы	Каирбекова Айнур	10
8	Экология және еңбек фракциясы-	Қаби Ару	8

"Өзін -өзі басқару" Мектеп президенті 2 жылға сайланған Қанат Хабиба

"Жас Ұлан" ұйымының ұланбасы Қабижан Сания

Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында ұл балалар жиналысы өткізілді.

Күн тәртібінде

1. Мектеп оқушыларының ішкі тәртіп ережесі.
2. Құқық бұзушылықтың алдын алу
3. Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесі жайында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

- Челлендж "Отбасы-тәрбиенің алтын бесігім"

Отбасы – негізгі тәрбие мектебі. Халқымыздың «Отан – отбасынан басталады» деуі тегіннен-тегін емес. Халық даналығының қайнар көзі, сарқылмас бұлағы да «отбасы» деген қасиетті ұғымнан басталып, ғасырлар қойнауына еніп, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отыр. Ата-бабаларымыздың «Ата көрген оқ жонар, Ана көрген тон пішер» деген мақалының үлкен мәні бар. Баланың идеалы – ата-ана. Жарық дүниеге келіп, көзін ашқаннан көрген, аялы алақанына салып, ақ сүтін берген әке мен ана – баланың басты үлгісі. Өзінің өмірлік тұлғасының моделін де сол шаңырақтың тірегі мен отбасының ұйытқысына қарап қалыптастырады.

<https://www.facebook.com/100022960698239/videos/482852407927190/>

- Дүниежүзілік көшпенділер” ойындарын қолдау аясында 9 қыркүйек “Тоғызқұмалақ күніне” орай мектебімізде тоғызқұмалақ ойынынан челлендж ұйымдастырылды

<https://www.facebook.com/100022960698239/videos/500679556048329/>

- Жолспарға сай «Бұрымды қыз» челлендж ұйымдастырылды

<https://www.facebook.com/100022960698239/videos/849035480698272/>

- "АДАЛДЫҚ САҒАТЫ"

"Ғ.Малдыбаев атындағы Жаңажол орта мектебі" КММ 2024-2025 оқу жылында бірыңғай 1-11 сынып оқушыларына “Адалдық сағаттары” өткізілді.

Сабақтың мақсаты:

Өскелең ұрпаққа адалдық және парасаттылық құндылықтарын, сыбайлас жемқорлықтың теріс салдарларын, олардың алдын-алу бойынша еліміздің жеткен жетістіктерін кеңінен түсіндіру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.



Қазан

- "Мен ұстазыма алғыс айтамын" атты челленджінің басталғандығын хабарлаймыз. Акцияға қатысу үшін желі қолданушылары мұғалімдеріне арнаған құттықтауларын фото немесе видеоға түсіріп, Instagram, Facebook, Вконтакте әлеуметтік желілеріне #ұстаздаркүні #поздравьсвоегоучителя #деньучителя хэштегтерімен бірге жүктейді. Акция ұстаздар күніне орай ұйымдастырылды

<https://www.facebook.com/100022960698239/videos/1230461341415610/>

<https://www.facebook.com/100022960698239/videos/2220374951663947/>

<https://www.facebook.com/100022960698239/videos/491965293813946/>

<https://www.facebook.com/100022960698239/videos/27419651744299805/>

<https://www.facebook.com/100022960698239/videos/856485946607746/>

челлендж жалғасын тапты.

- Оқушылардың үзілістегі уақытын тиімді пайдалану ұлттық ойын "Асық ату".

<https://www.facebook.com/100022960698239/videos/955211439936977/>

«ДУБЛЕР КҮНІ»

Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің Республикалық қосымшабілім беру оқу- әдістемелік орталығы мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру , тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатына Жаңажол орта мектебінде 3 қазан күні «Дублер күні» өткізілді. Оқушылар жаңартылған білім мазмұны бойынша сабақ өтті, соңында жиналыс жасалып, оқушылар өз пікірімен ұсыныстарын айтты .

<https://www.facebook.com/100022960698239/videos/959691579328175/>

- Ұстаздар күні мерекесіне арналған «Ұстаз –ұлы тұлға!» атты

мерекелік іс-шарамыз өткізілді. Ұйымдастырылған іс-шара барысында оқушылар дайындаған ән, билерін ұстаздар тамашалап, жақсы көңіл күйменалғыстарын айтты. Ұлағатты ұстаздарымызды төл мерекемен құттықтады.

<https://www.facebook.com/100022960698239/videos/1529840487663919/>

- Аптаның әр дүйсенбі күні мектебімізде мемлекеттік әнұранды орындау салтанатты түрде өткізіледі.



🇰🇿 25 - ҚАЗАН РЕСПУБЛИКА КҮНІ 🇰🇿

Мектебімізде "Біртұтас тәрбие" бағдарламасын жүзеге асыру аясында 25 қазан - Республика күніне арналған іс - шара жоспарына сәйкес, Республикалық бірыңғай "Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына қабылдау рәсіміне арналған "Ел ертеңі - Жас Ұлан!" атты салтанатты жиыны болып өтті.

Айтулы шарада өнерлі оқушылар мерекелік жиынның сәнін келтіріп, ән айтып, жыр арнады.

Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік, халқымыздың еңсесі жоғары, егемендігіміз баянды болсын!

<https://www.facebook.com/100022960698239/videos/911505053700623/>

